

Педагогтің кәсіби қызметіне талдау



Туған күні: 20.11.1987 жыл

Лауазымы: 0,75 – қазақ тілі мұғалімі; 1,0 – әдіскер

Жұмыс орны: №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Еңбек жолы

Педагог 2017 жылғы 01 шілдеде №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасына №113 бұйрық негізінде тәрбиеші лауазымына қабылданған.

2017 жылғы 04 қыркүйекте №167 бұйрық негізінде қазақ тілі мұғалімі лауазымына ауыстырылып, бүгінгі күнге дейін өз қызметін жоғары жауапкершілікпен атқарып келеді.

2025 жылғы 01 тамыздағы №76 бұйрыққа сәйкес штаттық кесте негізінде негізгі қызметімен қатар 1,0 жүктемемен әдіскер лауазымын қоса атқаруда.

Жалпы еңбек өтілі: 15 жыл.

Осы мекемедегі еңбек өтілі: 8 жыл.

Әдіскерлік еңбек өтілі: 1 жыл.

Біліктілік санаты: Қазақ тілі мұғалімі лауазымы бойынша «Педагог-сарапшы», 2024 жылғы 03 маусымдағы №285 бұйрық.

Кәсіби қызметіне талдау

Педагог – өзінің кәсіби қызметінде жоғары жауапкершілік, шығармашылық ізденіс пен заманауи педагогикалық тәсілдерді тиімді ұштастыра білетін, кәсіби құзыреттілігі жоғары маман. Ол мектепке дейінгі ұйым жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың мазмұнын жетілдіруге, тәрбиеленушілердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға және білім беру сапасын арттыруға жүйелі түрде үлес қосып келеді.

Әдіскер ретінде педагог ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіруге, педагогтердің кәсіби дамуын ұйымдастыруға, әдістемелік жұмыстарды үйлестіруге және инновациялық тәжірибелерді енгізуге белсенді қатысады. Ұйымның әдістемелік қызметінің тиімді ұйымдастырылуына, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде жоспарлап, жүзеге асырады.

Педагогтың шығармашылық әлеуеті авторлық еңбектері арқылы айқын көрінеді. Ол мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне арналған «Балаларға арналған емдік массаж» вариативтік бағдарламасының авторы болып табылады. Сонымен қатар «Криотерапия арқылы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету» атты әдістемелік құрал әзірлеп, оны оқу-тәрбие процесінде тиімді қолданып келеді. Аталған авторлық жұмыстар педагогтің ғылыми-әдістемелік ізденісінің нәтижесі болып табылады және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагог өз қызметінде инновациялық білім беру технологияларын, дамытушы оқыту әдістерін, ойын технологияларын, денсаулық сақтау технологияларын және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес тиімді педагогикалық тәсілдерді жүйелі қолданады. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігі, тілдік қарым-қатынасы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Кәсіби қызметіндегі жоғары нәтижелері мен білім беру саласының дамуына қосқан үлесі үшін педагог 2025 жылы Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Алғыс хатымен марапатталған. Бұл марапат педагогтің кәсіби шеберлігі мен білім беру сапасын арттырудағы еңбегінің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Педагог еңбек тәртібін сақтайтын, нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алатын, кәсіби әдеп қағидаларын ұстанатын, ұжым арасында беделі жоғары, шығармашыл әрі жауапты маман ретінде танылған.

Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижесінде педагогтің кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейде екендігі, білім беру ұйымының әдістемелік қызметін дамытуға, мемлекеттік тілді оқыту сапасын арттыруға, инновациялық тәжірибелерді енгізуге және авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар әзірлеуге елеулі үлес қосып отырғаны анықталды.

Педагогтің кәсіби жетістіктері, ғылыми-әдістемелік жұмыстары, авторлық өнімдері, марапаттары, атқарып отырған қызметінің нәтижелері және еңбек тәжірибесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы №338 бұйрығымен бекітілген педагогтерге қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді.

Қорытынды шешім: Педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелері жоғары деңгейде бағаланады. Кәсіби құзыреттілігі, әдістемелік және инновациялық қызметі, білім беру ұйымының дамуына қосқан үлесі ескеріле отырып, атқарып отырған лауазымы бойынша біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді деп қорытынды жасауға негіз бар.

№17 «Шұғыла» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:



Жетилгенова Д.Н